

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы

Мұрағаттық версия

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі N 1488-XII Заңы
МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

Ескерту. Мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IX" деген цифрлар тиісінше "1 - 9" деген цифрлармен ауыстырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша: "бөлім" деген сөз "-тарау"; "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның", "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган", "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органды", "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен", "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға", "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның", "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", "уәкілетті орган", "уәкілетті органды", "уәкілетті органмен", "уәкілетті органға", "Уәкілетті органның", "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

Осы Заң тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мақсаттарды, міндеттер мен құқықтық негіздерді айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңдары

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21 N 307 Заңдарымен.

2-бап. Осы Заңның мақсаты

Осы Заңның мақсаты:

- 1) тарихи-мәдени мұра объектілерін, оларды қорғауды және пайдалануды айқындау;
- 2) тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесін бекіту;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттерін регламенттеу;
- 4) мемлекеттік органдардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау саласындағы құзыретінің аражігін ажырату;
- 5) тарихи-мәдени мұра объектілеріне залал келтіргені үшін жауапкершілік шараларын белгілеу болып табылады.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алдын-ала есепке алу тізімі - тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру мақсатында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізімі;

2) ансамбльдер - оқшауландырылған немесе біріктірілген ескерткіштердің, фортификация, сарай, тұрғын үй, қоғам, әкімшілік, сауда, өндіріс, ғылым, оқу мақсатындағы құрылғылар мен құрылыстардың, сондай-ақ діни мақсаттағы ескерткіштер мен құрылыстардың топтары, оның ішінде тарихи қалыптасқан аумақтарда оқшауланған қоныстардың тарихи жоспарлануы мен құрылысының фрагменттері;

3) археология ескерткіштері - тұрақтар, қалашықтар, қорғандар, ежелгі қоныстардың, бекіністердің, өндірістердің, арналардың, жолдардың қалдықтары, ежелгі қорымдар, тас мүсіндер, жартастағы бейнелер мен жазбалар, ежелгі елді мекендердің тарихи мәдени қабатының учаскелері және ежелгі адамның өмірі мен қызметінің іздері бар өзге де орындар;

4) қала құрылысы мен сәулет ескерткіштері - сәулет ансамбльдері мен кешендері, тарихи орталықтар, орамдар, алаңдар, көшелер, қалалар мен басқа да елді мекендердің ежелгі жоспарлануы мен құрылысының қалдықтары; азаматтық, тұрғын үй, өнеркәсіптік, әскери, ғибадат ету сәулетінің, халық сәулетшілігінің құрылыстары, сондай-ақ олармен байланысты монументтік, сәндік-қолданбалы және бақ-саяжай өнерінің туындылары, табиғат ландшафты;

5) қорғау міндеттемесі - тарих және мәдениет ескерткішінің осы құжатты ресімдеу кезіндегі жай-күйі және меншік иесінің немесе пайдаланушының тарих және мәдениет ескерткішін күтіп-ұстау шарттары тіркелетін құжат;

6) тарих және мәдениет ескерткіштері - Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген, халықтың өткен тарихымен, қоғам мен мемлекеттің дамуымен байланысты, адам жасаған немесе адам мен табиғаттың бірлескен туындысы болып табылатын жекелеген кесендер, ғимараттар, құрылыстар мен ансамбльдер, тарихи-мәдени ландшафттар және басқа да көрікті жерлер;

7) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық жұмыстар - археология ескерткіштеріне археологиялық қазба, барлау және сараптамалар жасау жолымен дала зерттеулерін жүргізу;

8) тарихи-мәдени қорық - айрықша тарихи, ғылыми және көркемдік құндылық болып табылатын ескерткіштердің ансамбльдері мен кешендері;

9) тарих және мәдениет ескерткішін пайдаланушы - осы Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерін оның меншік иесімен жасалған шарт негізінде пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

10) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары - тарих және мәдениет ескерткіштерінде жүргізілетін археологиялық жұмыстарды қоспағанда, өндірістік, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының барлық түрлері;

11) тарихи-мәдени мұра объектілері - тарихи оқиғалар нәтижесінде пайда болған, тарих, археология, сәулет, қала құрылысы, өнер, ғылым мен техника, эстетика, этнология немесе антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысынан құнды болып табылатын, олармен байланысты бейнелеу, мүсін, қолданбалы өнер, ғылым мен техника туындылары және материалдық мәдениеттің өзге де заттары бар жылжымайтын мүлік объектілері;

12) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган (уәкілетті орган) - тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) тарихи-мәдени сараптама - тарихи-мәдени мұра объектісінің тарихи-мәдени маңызын және сақталу дәрежесін белгілеуге бағытталған ұйымдастырушылық, талдау және

практикалық іс-шаралардың жиынтығын қамтитын қорытынды;

14) тарихи-сәулет тірек жоспары - тарихи, ғылыми, көркемдік және мәдени құндылық болып табылатын тарих пен мәдениет ескерткіштерінің және жаңадан анықталған объектілердің орналасуын тіркейтін құжат.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

4-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің түрлері, оларды қорғау және пайдалану

1. Тарих және мәдениет ескерткіштері мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) қала құрылысы және сәулет ескерткіштері;
- 2) археология ескерткіштері;
- 3) ансамбльдер.

2. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану:

- 1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауға, зерттеуге және насихаттауға;
- 2) тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіштері

мәртебесін бекітуге;

3) жоюдан, тағылық актілерінен, өңін айналдырудан, жалған дәріптеуден, бұрмалаудан, орынсыз өзгерістер енгізуден, тарихи түпмәтіннен үзіп тастаудан қорғауды қамтамасыз етуге;

4) археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу жолымен қайта түлетуге және сақтауға;

5) олардың сақталуы қамтамасыз етілетін нормаларға сәйкес күтіп-ұсталуына;

6) этномәдени ортаны қайта түлету процесінде, сондай-ақ ғылыми және тәрбиелік мақсаттарда пайдалануға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

5-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің мәртебесі

Тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін осы Заңда белгіленген тәртіппен өздері тарих және мәдениет ескерткіші деп танылған кезден бастап иеленеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұсынылады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде ресми жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі. Археология ескерткіштері олар анықталған кезден бастап тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін алады.

Қазақстан Республикасындағы тарих және мәдениет ескерткіштері, осы Заңда көзделген тәртіппен міндетті түрде қорғалуға және сақталуға жатады, оларды пайдаланудың, оларды меншіктену құқығын өзгертудің және оларды мәртебеден айырудың ерекше құқықтық режимі болады.

Тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айыруға, оны Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастауға объект толық түгел жойылған және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқан жағдайда ғана уәкілетті органның, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның арнаулы комиссиясымен келісілген ұсынысы бойынша, тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ғана жол беріледі.

Жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері алдын ала есепке алу тізіміне енгізіледі және олар өздерінің мәртебесі туралы түпкілікті шешім

қабылданғанға дейін, осы Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалуы тиіс.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2007.07.21 N 307 Заңдарымен.

6-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің түрлері

Ескерту. 6-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

7-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі құзыреті

Қазақстан Республикасы тиісті мемлекеттік органдардың атынан тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғауды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етеді.

Халықаралық шарттарға сәйкес:

- 1) Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын, бірақ басқа мемлекеттердің аумақтарында орналасқан;
- 2) басқа мемлекеттердің меншігі болып табылатын, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан;
- 3) басқа мемлекеттердің меншігі болып табылатын, солардың аумақтарында орналасқан, бірақ тарихи тұрғыдан Қазақстан Республикасымен байланысты тарихи және мәдени ескерткіштер де қорғалуға, сақталуға және пайдаланылуға жатады.

Қазақстан Республикасы өзінен тыс жерде орналасқан және Қазақстан халқының тарихи-мәдени игілігі деп танылған тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алуды ұйымдастыру, сақтау және тарихи отанына қайтару жөнінде шаралар қолданады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

2-тарау. Тарихи-мәдени мұра объектілеріне меншік құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері

8-бап. Меншік қатынастарын реттеу

Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік қатынастары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттеледі. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері осы заңмен белгіленеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21 N 307 Заңдарымен.

9-бап. Меншік құқығының объектілері

Осы Заңда белгіленген тәртіппен тарих және мәдениет ескерткіштері деп танылған тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығының объектілері болып табылады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

10-бап. Меншік құқығының субъектілері

Қазақстан Республикасы, жеке және заңды тұлғалар тарихи-мәдени мұра объектілеріне меншік құқығының субъектілері болып табылады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

11-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне мемлекеттік меншік

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және басқа субъектілерге тиесілі емес тарих және мәдениет ескерткіштері Қазақстан Республикасының ерекше меншігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да халықтардың тарихи-мәдени мұрасын құрайтын тарихи-мәдени құндылығы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығын олардың меншік иелерімен жасалған шарттар бойынша сатып алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы атынан халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштерге меншік иесі өкілеттігін тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21 N 307 Заңдарымен.

12-бап. Меншік субъектілерінің құқықтары

Меншік иесіне тарих және мәдениет ескерткіштеріне өз бетімен құрту құқығын қоспағанда, меншік иесінің оларды меншік объектілері ретінде иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге құқығы бар.

Меншігінде тарих және мәдениет ескерткіші бар азамат, егер меншік объектісі өзіне мұрагерлік құқығы арқылы тиесілі болса және шығу тегі немесе мазмұны жағынан мұра етіп қалдырған адамның жеке басымен немесе меншік иесінің ата-бабасымен байланысты болса, ол ескерткіштің мазмұнын елу жыл мерзімге дейін жария етпеді немесе зерттеу мен жария көрсетуге жол бермеуді талап етуге қақылы.

Меншік иесі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану және іске қосу нәтижесінде пайда табуға (табыс алуға) құқылы, бұл құқық оларды қорғау жөніндегі міндеттемелермен шектеледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21 N 307 Заңдарымен.

13-бап. Меншік иелерінің міндеттері

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері оларды сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асырады және:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға;

2) **алынып тасталды - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.**

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары меншік құқықтарының болуы мүмкін немесе болған өзгерістері туралы хабардар етуге;

4) **алынып тасталды - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.**

5) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді - уәкілетті органмен, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісуге;

6) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен жасалған арнайы шарттарда белгіленген тәртіп пен шекте тарих және мәдениет ескерткішіне ғылыми, мәдени және өзге де мақсаттарда қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Тарихи және мәдени ескерткіштердің меншік иелері мен оларды пайдаланушылардың міндеттемелері облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары беретін қорғау міндеттемесінде тіркеледі.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген міндеттемелер тарихи және мәдени ескерткіштерді пайдаланушыларға да бірдей дәрежеде қатысты.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2007.07.21 N 307 Заңдары ымен.

14-бап. Күтімсіз ұсталатын тарих және мәдениет ескерткіштерін алып қою

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иесі осы ескерткіштерді күтіп ұстамай, бұл олардың өз маңызын жоғалту қаупін төндіретін жағдайларда, мемлекет мұндай ескерткіштерді меншік иесінен сот шешімі бойынша сатып алу арқылы алып қояды немесе олар, осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, жария сауда-саттықта сатылады.

Меншік иесінен жеке меншігіндегі оның тұрғын үйі немесе тұрғын жайы болып табылатын тарих және мәдениет ескерткішін алып қою оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзге тұрғын жай берілмей және шарт бойынша тиісті өтемақы төленбей жүзеге асырылмайды.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Ескерткішке меншік құқығын сатып алу кезіндегі артықшылықтар

Жалпы үлестік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткішінің бір бөлігінің меншік иелерінде осы ескерткіштің басқа бөліктерін меншігіне сатып алуға артықшылық құқығы бар.

Тарих және мәдениет ескерткішінің басқа бөліктерін сатып алудың осы баптың бірінші тармағында көзделген артықшылық құқығы сатып алушы меншігінің ескерткіш мәртебесі болмаған ретте де қолданылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жария сатқан кезде, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде айтылған реттерді қоспағанда, мемлекеттің оларды нарық (аукцион) бағасы бойынша артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

3-тарау. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау саласындағы мемлекеттік басқару

Ескерту. 3-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

16-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы лауазымды адамдар және мемлекеттік басқару органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 3) уәкілетті орган;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
- 2) уәкілетті орган туралы ережені бекітеді;
- 3) мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға

жалдау ақысының ставкаларын белгілейді;

4) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережелерін бекітеді;

5) тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру мен одан айыру ережелерін бекітеді;

6) тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережелерін бекітеді;

7) тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

8) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру тәртібін бекітеді;

9) тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың тәртібін және пайдалану режимін бекітеді;

10) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307, өзгеріс енгізілді - 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, пайдалануды және тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) **алынып тасталды - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.**

3) тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, қорғауды және оларда ғылыми-реставрациялау жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздейді;

4) мемлекет меншігі болып табылатын, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешеді;

5) **алынып тасталды - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.**

6) уәкілетті органмен келісе отырып, қалаларды және басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және қайта құру жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларды жасауды қамтамасыз етеді;

7) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін ресімдейді және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылайды;

8) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарын бұзған жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы өтініш жасайды;

9) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органына тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде комиссиялар құру туралы

ұсыныстар енгізеді;

10) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыс жүргізеді;

11) тарих және мәдениет ескерткіштері мен оларды қорғау аймақтары бойынша жұмыстардың барлық түрлеріне ғылыми-жобалық құжаттаманы, жоспарлау, салу және қайта жөндеу жобаларын қарайды және келіседі;

12) мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарих және мәдениет ескерткіштерімен байланысты қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалануды жүзеге асырады;

13) тиісті аумақтарда жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылу және күтіп-ұстау тәртібін, сондай-ақ оларда археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

14) тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелеріне және пайдаланушыларына олардың осы Заңды бұзғаны туралы нұсқамалар береді;

15) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен әкімшілік ықпал етудің өзге де шараларын қолданады;

16) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өз аумағында:

1) жеке және заңды тұлғалардың тарих және мәдениет ескерткіштерін қамқорлыққа алуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

2) жұртшылықты тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және насихаттау жөнінде іс-шараларды жүргізуге тартады;

3) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) уәкілетті органның ұсынуы бойынша, тарих және мәдениет ескерткіштеріне қауіп төндіретін құрылыс және өзге де жұмыстарды тоқтата тұру, сондай-ақ оларға тыйым салу туралы мәселені шешеді;

5) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына немесе уәкілетті органға өздерінің құзыреті шегінде, тарих және мәдениет ескерткіштерінің бүлінуін, құлау қаупін жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) тарихи-мәдени сараптама негізінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғалатындығын жариялау туралы ұсыныстар енгізеді;

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгеріс енгізілді - 2007.07.21 N 307, 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

19-бапқа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану саласындағы

мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялар береді;

5) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) мемлекет меншігі болып табылатын халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру жөнінде шешім қабылдайды;

7) тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережелерін бекітеді;

8) тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен басқа елді мекендерді жоспарлау, салу және реконструкциялау жобаларын келіседі;

9) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

10) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануды және оларды күтіп-ұстау тәртібін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен әкімшілік ықпал етудің өзге де шараларын қолданады;

12) жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерін орнатуды бақылауды жүзеге асырады;

13) тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың тәртібін және пайдалану режимін әзірлейді;

14) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттаманы мемлекеттік басқару органының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы құзыреті

Ескерту. 20-бап алынып тасталды - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

20-1-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Уәкілетті орган жүзеге асыратын тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау:

- 1) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйін және олардың күтіп-ұсталу тәртібін;
- 2) тарих және мәдениет жаңа ескерткіштерінің орнатылуын;
- 3) лицензиаттың берілген лицензия шарттарын сақтауын;
- 4) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын бақылауды қамтиды.

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратын тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау:

- 1) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйін және оларды күтіп-ұстау тәртібін мемлекеттік бақылауды;
- 2) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды қамтиды.

4. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары тексерулер нысанында жүзеге асырады.

5. Алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен .

6. Алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен .

7. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 , өзгерту енгізілді - 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласын қаржыландыру

Ескерту. 4-тарау алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

21-бап.

Ескерту. 21-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

5-тарау. Жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуы

Ескерту. 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

22-бап. Жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуы

Жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткіштерін насихаттау мен танымал етуге қатысады, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына жәрдемдеседі.

Жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында оларға қамқоршылық жұмыстарын белгілеуге құқылы.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

23-бап. Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысуы

Ескерту. 23-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

24-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының тарихи-мәдени мұраны қорғауға және пайдалануға қатысуы

Ескерту. 23-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

6-тарау. Тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу

25-бап.

Ескерту. 25-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

26-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер санаттарына жатқызу

Тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды және қорғауды тиімді ұйымдастыру мақсатында ескерткіштер мынадай санаттарға бөлінеді:

1) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енген халықаралық маңызы бар тарихи, ғылыми, сәулеттік, көркемдік, мемориалдық тұрғыдан құнды тарих және мәдениет ескерткіштері;

2) бүкіл еліміздің тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік және мемориалдық тұрғыдан құнды республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік және мемориалдық тұрғыдан құнды жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

27-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін бекіту тәртібі

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енгізу үшін ұсынылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізбесін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынады.

Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін уәкілетті органның келісуімен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2007.07.21. N 307 Заңдарымен.

28-бап. Уәкілетті органның арнаулы комиссиясын құрудың тәртібі және оның құрамы

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ оларды мәртебесінен айыру туралы қорытындыны әзірлеу үшін уәкілетті орган арнайы комиссия құрады, оның құрамына ғалымдар, мамандар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, шығармашылық одақтар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енеді.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2007.07.21. N 307 Заңдарымен.

7-тарау. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану тәртібі

Ескерту. 7-тараудың атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

29-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану

Тарих және мәдениет ескерткіштері Қазақстан халықтарының рухани және дәстүрлерін түлету және дамыту мақсатында, сондай-ақ ғылыми және тәрбиелік мақсатта пайдаланылады.

Қалалар мен басқа да елді мекендердің тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану режимі тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ережелеріне сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітетін оларды қорғау аймағы жобаларында айқындалады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21. N 307 Заңдарымен.

30-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға берудің тәртібі мен шарттары

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жеке және заңды тұлғаларға ғылыми, мәдени-ағарту, туристік және өзге де мақсаттар үшін пайдалануға беру осы Заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері осы Заңға сәйкес

облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша пайдалануға беріледі.

Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері уәкілетті органның шешімі бойынша пайдалануға беріледі.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21. N 307 Заңдарымен.

31-бап. Музейлердің, кітапханалардың, архивтердің, оқу орындарының, басқа да мекемелер мен ұйымдардың өздері пайдаланып отырған тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі

Ескерту. 31-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

32-бап. Тарих және мәдениет ескерткішін пайдалану құқығынан айыру

Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланып отырған жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткіштерін сипаты мен мақсатына сәйкес пайдалану жөніндегі міндеттерін бұзып, соның салдарынан тарих және мәдениет ескерткішіне жойылу немесе бүліну қатері төнген жағдайда, олар пайдалану құқығынан айрылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін оның санатына қарай пайдалану құқығынан айыру, егер тарих және мәдениет ескерткішін қорғау міндеттемесінде өзгеше көзделмесе, тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иесінің немесе уәкілетті органның, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының өтініші негізінде соттың шешімімен ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21. N 307 Заңдарымен.

33-бап. Пайдалануға берілген жерлерде тұрған тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету

Жеке және заңды тұлғалар өздеріне пайдалануға берілген жерлерде тұрған тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

34-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары

1. Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарына:

1) ғылыми зерттеу - тарих және мәдениет ескерткішін сақтау жөнінде жобалау-сметалық құжаттама жасау және қажетті жұмыстар жүргізу мақсатында оның сапасын және сақталу деңгейін зерделеуге, бағалауға бағытталған іс-шаралар кешені;

2) консервациялау - тарих және мәдениет ескерткішін одан әрі бұзылудан сақтайтын және ескерткіштің тарихи қалыптасқан келбетін өзгертпей оның конструкциялық бөліктері мен сәндік элементтерін бекітуді және қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені. Ескерткіштің бүтін сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралардан тұратын аварияға қарсы жұмыстар да консервациялауға жатады;

3) реставрациялау - тарих және мәдениет ескерткішін құндылығы жоқ және ескерткіштің келбетін бұзатын қабаттардан тазарту жолымен оның тарихи, сәулеттік-көркемдік келбетінің сақталуы мен ашылуын, ғылыми негізделген деректер арқылы ғимараттың, ансамбльдің, кешеннің жоғалған элементтерінің орнын толтыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

4) қайтадан жасау - жеткілікті ғылыми деректері мен тарих және мәдениет ескерткішінің айрықша тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени маңызы болған кезде жоғалған тарих және мәдениет ескерткішін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені;

5) жөндеу - тарих және мәдениет ескерткішінің техникалық жай-күйін оның келбетін өзгертпей, кезеңдік жұмыстар жүргізу жолымен күтіп-ұстау жөніндегі іс-шаралар кешені;

6) бейімдеу - тарих және мәдениет ескерткішінің тарихи, көркемдік құндылығына және сақталуына нұқсан келтірмей, оның қазіргі заманға сай пайдаланылуы үшін жағдай жасау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені.

2. Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары - уәкілетті органның бақылауымен, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының бақылауымен жүзеге асырылады.

3. Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары бюджет қаражаты, инвестициялар тарту есебінен, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері мен пайдаланушыларының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жеке және заңды тұлғалар лицензия негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 307 Заңымен.

35-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлаудың, салудың және қайта салудың жобаларын уәкілетті органмен келісу

Қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлаудың, салудың және қайта салудың жобалары, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштері бар жерді пайдалану карталары уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

36-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтары

1. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары белгіленеді.

2. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын тиісті жергілікті атқарушы органдардың ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары (мәслихаттар) бекітеді және олар тиісті жердің тарих және мәдениет ескерткіштері мен жаңадан анықталған объектілердің орналасуы тіркелетін тарихи-сәулет тірек жоспарына және карта-схемасына енгізіледі.

3. Уәкілетті орган көзделген аймақтардың шегінде Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануы мүмкін.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

37-бап. Тарихи-мәдени қорықтарды қорғау

Айрықша тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени қазына болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінің ансамбльдері мен кешендері, аумақтар тарихи-мәдени қорықтар деп жариялануы мүмкін, оларды қорғау олар туралы арнаулы Ережелер негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

38-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің орнын ауыстыруға және оларды өзгертуге тыйым салу

1. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің орнын ауыстыруға және оларды өзгертуге тыйым салынады.

Тарих және мәдениет ескерткішінің жетпіс процентінен астамы бұзылған не оның тарихи-мәдени құндылығы жоғалған, не орнын ауыстыру оның сақталу жағдайын жақсартатын болған жағдайда:

1) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен;

2) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша уәкілетті органның шешімімен уәкілетті органның арнайы комиссиясымен келісе отырып тарихи-мәдени сараптама қорытындысы негізінде ғана олардың орнын ауыстыруға және өзгертуге жол беріледі.

2. Мұндай шешім алған жеке және заңды тұлғалар ескерткіштің орнын ауыстыруды немесе оларды өзгертуді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті, ал уәкілетті орган тарих және мәдениет ескерткішін ғылыми зерделеу және тіркеу бойынша жұмыстар жүргізуге міндетті.

3. Аталған жұмыстарды жүзеге асыруға байланысты шығыстар тарих және мәдениет ескерткішінің орнын ауыстыруға немесе оларды өзгертуге шешім алған жеке және заңды тұлғалардың есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

39-бап. Аумақты игеру кезінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету

1. Аумақтарды игеру кезінде жер учаскелері бөліп берілгенге дейін тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау жөнінде зерттеу жұмыстары жүргізілуге тиіс.

2. Тарихи, ғылыми, көркемдік және өзге де мәдени құндылығы бар объектілер табылған жағдайда, жеке және заңды тұлғалар одан әрі жұмыс жүргізуді тоқтата тұрып, бұл туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

3. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталып тұруына қатер төндіруі мүмкін жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

40-бап. Археологиялық ескерткіштерде қазба және барлау жұмыстарын жүргізу

Археологиялық ескерткіштерде қазба және барлау жұмыстарын жүргізуге лицензиясы бар болған жағдайда ғана жол беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарына лицензияны облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша уәкілетті орган береді.

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңды ұйымдары мен нақты

адамдарының Қазақстан аумағында жүргізген археологиялық зерттеулері нәтижесінде алынған барлық материалдар мен табылған заттар ғылыми тіркеліп, өңделгеннен кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік музейлеріне беріледі. Олардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетілуіне тыйым салынады.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21 N 307 Заңдарымен.

41-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін әкелу және әкету

Ескерткіштерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және оларды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

8-тарау. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік және олардың орындалуын бақылау

42-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Ескерту. 42-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраларды қорғау туралы заңдарының бұзылуына кінәлілігі әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Тарих және мәдениет ескерткішіне немесе оның қорғау аймағына зиян келтірген жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіруге, ал бұл мүмкін болмаған кезде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтеуге міндетті. Тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіру уәкілетті органның бақылауымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.21 N 307 Заңдарымен.

43-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын бақылау

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын бақылауды:

- 1) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары;
- 2) уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 307 Заңымен.

9-тарау.

Ескерту. 9-бөлім алынып тасталды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*